

7. Этанол снижает на 50% содержание твердых частиц в выхлопе. Эти выхлопы предоставляют угрозу для детей, пожилых людей и людей с заболеваниями дыхательной системы. Этанол также снижает образование вторичной пыли, уменьшая количество ароматических углеводородов в бензине. Источник: Smog Reyes, February 2004.

8. Этанол снижает токсичность выхлопа на 21%. Источник: Smog Reyes, February 2004.

## ЛИТЕРАТУРА

1. Этиловый спирт в моторном топливе./Под ред. д.т.н. В.В. Макарова, М.: ООО «РАУ-Университет», 2005. -184с.
2. [www.genencor.com](http://www.genencor.com)
3. [www.broin.com](http://www.broin.com)

## ТҮЖКЫРЫМ

Дәнді дақылдарымен және целлюлоза биомассасынан алынған жанаармайлық биэтанол зерттеу обьектісімен болып келеді. Қазақстанда өндіріс кешені қатарына енгізілген "Биохим", кәсіпорны, толық бидай дәндерін өндеуді жүзеге асырады.

## RESUME

The object of research is a combustive bioethanol, received from grain-crops and cellulosic biomass. Kazakhstan have instituted the industrial complex "Biochem" which performs full scale complex grain processing.

УДК 664.001.25

## ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНДА ӨСІРІЛЕТІН КҮРІШ ДаҚЫЛЫНЫҢ ҚАУІПСІЗДІК КӨРСЕТКІШТЕРІНІҢ ҚАЗІРГІ ЖАГДАЙЫ

ЕРКЕБАЕВ М.Ж., т.ғ.д., ТАТТИБАЕВА Д.Б.

АО «Алматы технологиялық университеті»

ПАЛЬТЕ А., PhD докторы, ДЕКСТРА А., PhD докторы

Ларенштейн Профессионалды Білім беру Университеті. Голландия

ФУКС Р., PhD докторы

Гринвич Университеті жаңындағы Табигат Ресурстары Институты, Ұлыбритания

**Бұл мақалада Қызылорда облысында қалыптасқан экологиялық жағдай, онда өсірілетін күріш сорттарына, тұтынушы үшін маңызды күріштің қауіпсіздік көрсеткіштеріне шолу жасалған.**

**Қалыптасқан экологиялық жағдайды зерделей келе Қызылорда облысында негізгі дақылдардың бірі болып саналатын күріш өнімдерінің қауіпсіздігін тексеру қажеттілігі туындалған отыр.**

**К**үріш жер бетіндегі халықтың 2/3 бөлігі үшін негізгі тамақ өнімі болып саналады. Дүние жүзілік өндіріс көлемі бойынша ол дәнді дақылдар ішінде бидайдан кейінгі екінші орында. Ғалымдардың есептеуінше тамақ қажеттілігін 2025 жылға толық қанағаттандыру үшін күріш өндіруді 70%-ға арттыру керек екен. Дегенмен оны өндіру қарқыны әлі де болса халық санының өсуінен қалып қойып отыр.

Күріш жарма дақылдарының маңыздысы және бағалысы болып табылады. Күріш белогы клейковина тұзбейді, күріш жармасы тез сіңе-ді, оның сіңімділік коэффициенті өте жоғары - 95,9% құрайды, бұл оның құрамындағы балластты заттардың аз болуына негізделген. Күріш жарма-

сын диеталық тағамдануда көнінен қолданады, көптеген елдерде күріш нанды алмастырады.

Күріш дәнінің химиялық құрамы сорты, есү ауданы, агротехникалық өндөлу түріне төуелді болады. Орташа алғанда күріш дәнінде 7,3% белок, 2% май, 63,1% көмірсу, соның ішінде 3,1% моно және дисахаридтер, 55,2% крахмал, 9% клетчатка, 4,6% құл; минералды заттар (100 граммға мг. шаққанда) Na-89, K-202, Ca-66, Mg-96, P-328, Fe-2,6; витаминдер (100 граммға мг. шаққанда) B1-0,52, B2 - 0,12, PP-3,82 болады. Күріш дәнінің 100 граммға шаққандағы энергетикалық құндылығы 284 ккал, немесе 1188 кДж.

Республика бойынша күріш Алматы, Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда облыстарында егіледі. Қызылорда облысында 80% астам күріш алқабы бар. Қазақсанды күріш өсіретін негізгі аймақ - Қызылорда облысы аумағындағы Сырдария өзенінің екі жақ аңғары.

### Күріш сорттары.

Орта бойлы, жіңішке, тік жапырақты сорт-Кубань 3 - ерте піседі, есү дәүірі 102-107 қүн, жоғары өнімді, өндірістік жағдайда 55-60 ц/га өнім алуға болады. Көктемдегі құбылмалы

температура, әр түрлі су деңгейіне төзімді, тұқымның өнү шығымдылығы жоғары - 38-42%.

Өсімдік биіктігі тыңайтқыш аз берілгенде (N90P90) 100-105 см, қолайлы мөлшерде (N180-P120) – ұзын бойлы-121-138 см, сабағы жуандай, бірақ тығыз емес, бос, тыңайтқыш мол берілгенде жатып қалады. Бұл сорт дәнінің толысыу жылдам, күзгі температура және суару режимі қолайсыз болса да дәні толысып пісіп, жоғары өнім береді. Дәнінің ірілігі орташа. Мөлдірлігі 93-94%. Ботқасы үгілмелі, ақ, кейде крем түстес, дәмі жиірек жақсы болады. 1000 дәннің салмағы 31-33 г болады [1].

Аласа бойлы, жалпақ жапырақты сорт Лиман - орта мерзімде піседі, өсу дәуірі 108-112 күн, аласа бойлы, биіктігі 88-95 см, жапырағы жалпақ, тік орналасқан. Жоғары өнімді сорт, өндірістік жағдайда 50-55 ц/га өнім алуға болады. Топырақтың тұздануына, су деңгейінің қалындығына тәзімсіз. Маржан сортына қараша-да тұқымның өнү шығымдылығы төмен. Дәнгелек типті дақыл, технологиялық қасиеті жақсы, 1000 дәннің салмағы 29-31 г болады, мөлдірлігі 94%, жарманың жаллыш шығымы 70-71%.

Орта бойлы, үлкен жапырақты сорттар, Маржан-орта мерзімде піседі, өсу дәуірі 110-114 күн. Өсімдік биіктігі тыңайтқыш аз берілгенде – 104-108 см, қолайлы деңгейде (N180P120) бойы биік (128-139 см) болады. Сабағы жуан, тығыздығы орташа. Тамыры жақсы дамыған, басқа сорттарға қарағанда ұзын өрі көп. Сорт жоғары өнімді, өндірістік жағдайда 55-60 ц/га өнім алуға болады. Жердің тұздануына, температураның құбылмалылығына біршама тәзімді, тұқымның өнү шығымдылығы жоғары, күріш көгі тез өсіп нығаяды. Маржан сорты дәнінің сапасы жақсы: қауызы-17-18%, дәні сынбайды, ақталған күріш шығымдылығы-63-65%, оның сынбаған ядросы- 78-87%. Дәнін ақтағанда 1 сортты ақ күріш (жарма) - 57,1%, майдаланғандары-33,9%. Егер Кубань 3 сорттымен салыстырсақ, оның дәнінен 1 сортты ақ күріш - 7,0%, II сортты -24,3%, ал майдаланғандары - 33,9%. 1000 дәннің салмағы 33-34 г болады, мөлдірлігі 77% [1].

Қазақстандық Арап өнірінің табигат климат жағдайының өзіндік ерешеліктері бар. Мұнда топырақ құрайтын жыныс құрамында онай еритін тұздар мол және жер асты сұы да жоғары деңгейде минералданған. Жылдық жауын-шашын мөлшері 110-140 мм болса, тек ашық су бетінен буланып ұшатын су мөлшері 1700 мм жетеді, және буланудың 3/2 бөлігі жылдың жылы мезгілінде жүреді. Осында жағдайда жер асты сұындағы тұздың аздаған концентрациясының өзі ерітінділердің ұзақ мерзімге созылатын жоғары қарай көтерілу процесінде суармалы жерлердің тұздануына өкеліп соғады. Мелиоративті қолайсыз жерлердегі жер асты сұындың тұздану деңгейі 40 г/л

дейін жетеді, бұл жоғары дәрежеде нитраттанған су миграциясын тудырып, аймақтағы экологиялық ахуалды одан әрі шиеленістіріп жібереді. Сонымен қатар АраС өнірінің территориясы тұздардың импульверизациясы процестеріне үшіраған. Бұл процесстер АраС деңгейінің тартылуына байланысты қүшейе түсті. Осылан байланысты қүріш өсіретін аймақтың қатаң жағдайына, атап айтқанда, топырақ тұздылығына бейімделген жаңа сорттар шығару жөніндегі селекциялық жұмыстардың маңызы ерекше [2].

Қазақ қүріш ғылыми - зерттеу институтында (қазіргі АраС өнірі агроэкологиясы және ауыл шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты) экспериментальды мутагенез әдісімен 1987 жылы қүріштің жаңа Маржан сорты шығарылып, өндіріске енгізілді. Бұл сорт қазір республикадағы барлық қүріш егісі көлемінің 65 пайызға жуығын, ал Қызылорда облысында 70 пайыздан астамын алып отыр. Бұл сорт жоғары өнімділігі, тұзға тәзімділігі мен экологиялық бейімділігі бойынша әзірленген сорт үлгісінің талаптарына толық сай келеді. Сорт технологиялық сапасы мен жармасының тағамдық қасиеттерінің жоғарылығымен ерекшеленеді. Сонымен қатар бұл ғылыми зерттеу мекемесі «Ақмаржан», «Ару» және «АраС» қүріш сорттарынан басқа жаңа қүріш сорттарын әзірлеп шығарған [2].

Қазіргі уақытта жоғарыда аталған «Кубань» және «Ақмаржан» сорттарынан бөлек Ресейдің оңтүстігінен әкелінген «новатор», «янтарь», «рапан» әлиталық сорттары енгізілуде. Бұлар 15 күн erte жетіледі, және өнім алу көрсеткіші жоғары.

Ауыл-шаруашылық шикізатын өндеу барысында және оны тамақ өнімдеріне өндеу процесінде азық-тулік өнімдерінің сапасын және қауіпсіздігін бақылау мемлекеттік бақылау жүйесінің маңызды звеносы болып табылады.

Алдыңғы онжылдықта химикаттар, пестицидтер, гербицидтерді қолдану топырақтың түрлі улы химикаттармен қанықуына әкеп соқтырганы жасырын емес. Анағұрлым қауіпті заттарға пестицидтер, ауыр металлдардың тұздары, радионуклидтер, патогенді микрорганизмдері бар тұрмыстық қалдықтар, микотоксингер жатады.

Қызылорда облысының аумағында экономика үшін пайдалы саналатын, бірақ тірі таби-ғат үшін аса қауіпті уран кен орындары жұмыс істейді. Олар Шиелі және Жанақорған ауданда-рында орналасқан.

Оның бір Шиелі ауданындағы Қарамұрын кеніші. Деректерге сүйенсек мұнда жер қойнауына концентрлі құқірт қышқылының құйып, ураны бар тау жынысын шаю арқылы қоймалжың қышқыл ерітінді сорғыш қондырығының көмегімен тартып алынады. Бастапқы шикізат түрінде алынған кенді арнаулы ыдысқа құйған соң, әлі байытылмаған уран кенінің радиоактивтілік зияны болмайтын көрінеді. Бірақ бұл өндірістің қауіптілігі басқада. Қазіргі кезде

Шиелі аумағында жерастындағы тұшы су құқыртқышқылымен толық ластанып болған, ал ол судың құрамында уран элементі әбден болуы мүмкін. Қабаттағы су капилляр арқылы жер бетіне дейін көтеріліп, өсімдік жануарлар тізбегімен жылжитын радиоактивті зат біртіндеп адам организміне жетуі мүмкін. Бұл аймақта экологиялық ахуалдың жағдайы нашар. Бірақ бұл мәселе тек үкімет деңгейінде ғана шешілтін болғандықтан өткір қүйде қалып отыр [3].

Радионуклидтердің түрлеріне келетін болсақ, организмге өте қауіпті, әрі ортада көп тараган радионуклидер - Стронций-90 мен Цезий-137. Стронций радионулиді адам ағасына өсімдік текстес тағамның құрамымен кіреді де, сүйекте жиналады, ал цезий-137 ткандар мен бұлшық ет құрамына кіреді. Қызылорда облысының шаруашылық айналымындағы жерлер мен өсімдіктерін зерттеген зерттеулерде Сыр атырауының әр бөлігінде топырақтың 0-25 см қабатындағы С-90-ың орта мөлшері 5,9 Бк/кг болған. Құріштің дәнінде С-90-ың мөлшері 1,1-1,4 Бк/кг (құрғақ затқа есептегендеге), ал сабанында бұл көрсеткіш -2,5-3,0. Соған қаралғанда, бұл радионуклид өсімдіктің вегетативтік органдарында көбірек жиналады. Топырақ пен өсімдік үлгілерін алған бақылау участкерлінде топырақ бетінің жалпы радиациялық активтілігі 102 нүктеде өлшегендеге топырақ бетіндегі жалпы активтіліктердің орта деңгейі 15,4 мкр/сағатты көрсетті. Бұл көрсеткіш Қазақстан бойынша орта көрсеткіш 20 мкр/сағаттан едәуір тәмен.

Ауыр металлдардың ішінде қауіптілері кадмий (Cd), қорғасын (Pb) және белгілі концентрацияда улы қасиет көрсететін мырыш (Zn) пен мыс (Cu). Ауыр металлдар ортаға әртүрлі көздерден түсіп, сонан трофиктік тізбек арқылы адам организміне жетеді және улылық әсерін тигізеді.

Сырдарияның атыраулық аймағындағы аллювийлік топырағындағы ауыр металлдардың орташа мөлшері мынадай (мг/кг): қорғасын-1,37 мыс-20,7 мырыш - 10,3 және кадмий 0,57.

Зерттеулерде топырақ пен өсімдіктегі ауыр металлдар мөлшерінің арасында корреляция барлық уақытта бола бермейтінін көрсеткен. Дәнді дақылдардың бір келі өніміндегі қорғасын (құрғақ затқа есептегендеге) бидайда-1,2; құріште 2,5 мг болған. Тұщы суда қорғасын көбіне ион түрінде болады, яғни жылжығыштығы жоғары. Сонан болса керек, құріште оның мөлшері көpteу, ал бидай дәнінде аздау, құріште мыс тиісінше 10,4 бидайда- 3,6, мырыш құріште - 22,2, бидайда-14,1, кадмий құріште - 0,35, бидайда - 0,05 мг болған [3].

1987 жылдан кейін облыстың егіс далаларында пестицид қолдану біртіндеп азайып, усыз технологиямен-ақ тәуір өнім алуға болатынын дәлелдейтін өндірістік тәжірибелер жиналған. Пестицид қолданудың күрт азаюы өтпелі кезеңде қаржықаражаттың тапшылығынан болған еди. Бұл

әдіс кейінгі кезде қайтадан жандана бастады, бірақ көлемі онша көп емес және улылығы пәстеге түрлері қолданыла бастаған [3].

Күріш жармасын дайындау процесінің қауызынан тазарту кезеңінде метилнитрофос және биоресмитриннің қалдықты мөлшері 70%, ажарлау кезеңінде 90% тәмендейді. Күріште метилнитрофос мөлшері 15 мг/кг болғанда, берілген қосылыс қауызынан тазартылған дәнде 4,39, ажарланған құріште 0,55 мг/кг мөлшерінде байқалған. Кебекте оның мөлшері 31,6 мг/кг дейін үлгігейді. Дәннің бастапқы деңгейінде 5,3 мг/кг мөлшерде болған метопрен ажарланған құріште байқалмаган. Құріштің ұнтақтау процесінде толығымен беноминнің қалдықты мөлшері жойылады (бастапқыда 3,0 мг/кг, ұнтақталған түрінде 0,05 мг/кг), бұл жағдайда препарат концентрациясы кебекте (3,2 мг/кг) едәуір аз болады. Пестицидтің негізгі мөлшері дәннің қауызында байқалған [4].

Зең саңырауқұлақтары зат алмасуынан түзілетін өнімдері құріш жармасында болмауы тиіс. Жапон ғалымы Сакаки құріштегі зең саңырауқұлақтарының улы екендігін анықтаған. Ол 1891 жылды ол ұзақ ыстық жауын-шашынды мерзімде бери-бери ауруының жиілігімен құріштің зендені арасындағы байланысты байқады. Жапон ғалымдары құріш зең саңырауқұлағының уыттылығын зерттеуді жағластырды. Адамдардың өлімін зең саңырауқұлақтарының уыттылығымен байланыстырған. Құріштің сақтау кезіндегі зең саңырауқұлақтары жалпы түрде сапрофиттермен факультативті паразиттері, негізінен Aspergillus және Penicillium туысының түрлері болып табылады. Rhizopus және Mucor түрлері де сақталған құріште көбеюі мүмкін.

Қазақстанда өсірілетін дәнді дақылдардың саңырауқұлақ микрофлорасының басым түріне соңы 8 жылда Aspergillus flavus ие болып отыр, байқау жиілігі бөлінген микромицеттердің жалпы мөлшерінің 87,5% құрап отыр, олар дәнді дақылды сақтаудың қолайсыз жағдайларында микромицеттер бөлуі мүмкін. Келесі кең тараган микромицеттерге Aspergillus niger, байқау жиілігі бөлінген микромицеттердің жалпы мөлшерінің 65,6% құрап отыр. Trichoderma және Mucor тиісінше 50,6% және 43,5% құрап отыр. Эпифитті бактериялардың пайдалы түрлері - флуорисценттік псевдоманадалар көп мөлшерде арпа, бидай және құріште 87,6% 63,4% және 57,3% құрайды [5].

Тез көбейетін зең саңырауқұлақтары құріштің химиялық құрамын өзгертеді. Басқа дәндік дақылдарға үқсас бос май қышқылдарының мөлшері өседі. Осы өзгерістер құріштің тағамдық құндылығының тәмендеуіне алып келеді. Кей жағдайларда құріште зең саңырауқұлақтарының өсуі кейір дәрумендер және ауыстырылмайтын амин қышқылдарының пайда болуын тудырып, тағамдық құндылығын жоғарылатуы мүмкін. Алайда, саңырауқұлақтардың

тыныс алудың құрғақ заттардың жоғалуына алып келеді. Кезеңінше өнімнің тағамдық құндылығы тәмендейді. Құрштегі кең таралған зең саңырауқұлақтарының биохимиялық өзгерістері толығымен зерттелмеген [6].

Қызылорда облысында қалыптасқан экологиялық жағдай, топырағының тұздануы, Сырдария өзені суының минералдануы, тыңайтыштар қалдықтарының жинақталуы, топырағының улы химикаттармен ластануы, кең өндіру орындарының ашылуы ондағы негізгі өсірілетін дақыл-күрішке көрі әсерін тигізіп отырганы белгілі. Зиянды заттардың шекті концентрациялары және де басқа да көрсеткіштер денсаулық сақтау және мал-дәрігерлік қызмет органдарымен нормаланады. Осыған байланысты санитарлы-эпидемиологиялық қызметінің өз функциясын жеткілікті деңгейде орында мауы, өнімді өндіру сатыларында бақылау әдістерімен күріш дақылындағы адам ағасына қауіпті заттарды тексеретін заманауи жабдықтардың жоқтығынан, тұтынушыға жеткізілетін күріш өнімдерінің сапасы бекітілген нормативке сай болмай отыр. Қолданылатын химиялық және биологиялық текстес пестицидтер саны 300 мыңнан асады. Бірақ олардың көшілігі бойынша мәліметтер жоқ, олардың биотрансформациясы нәтижесінде қалай өзгереді, метаболизм процесси қандай, пестицидтің қалдықты мәлшері қандай, және тұтынушыға қауіптілігі аз зерттелген. Құріште метилнитрофос мәлшері 15 мг/кг болғанда, берілген қосылыс қауызынан тазартылған дәnde 4,39, ажарланған күріште 0,55 мг/кг мәлшерінде байқалған. Кебекте оның мәлшері 31,6 мг/кг дейін үлғайған.

Күріштің химиялық құрамы сортты, өсу ауданы, топырақ-климаттық жағдайы және жетіліу шартына тәуелді болады. Өсімдікте, соның ішінде күріште контаминалтар нутриенттердің синтезін қүштеді немесе оларға қысым көрсетеді, оларды өсімдіктердің жекелеген органдарына бөледі, осының нәтижесінде өнімнің органолептикалық қасиеттері, тағамдық құндылығы тәмендейді, күріштің құрамындағы крахмалдық бөлінуі, аминқышқылдық, минералдық құрамы өзгереді, нәтижесінде олардың оптимальдық қатынасы бұзылып, сіңімділігі тәмендейді.

Өнімдегі бос нитраттар (коректену тізбегі) адам организміне өтіп, зиянды әсер тигізеді. Нитраттар организмге өткен соң әртүрлі нитро-зоксилыстарға айналады, ал олар канцерогендер деп танылады. Сол улы заттар адам организміне бірден көп мәлшерде түскеннен гөрі аз-аздап жиі түсіп тұrsa бұл өте қауіпті болатыны ғылымда дәлелденген.

Өнірлік нысандарда адам организмі әртүрлі химиялық заттардың жиналудың және трофикалық тізбекпен таралудың зерттегендеге (1 келі массадағы мәлшері мг есебімен) олардың мәлшері мынадай болған:

- адам организімінде (қан) мг/л есебімен қорғасын – 0,001-0,01, мыс – 0,001-0,60, мырыш – 0,003-0,053, кадмий – 0,001-0,030.

Зерттеу мәліметтеріне сүйенсек Сырдарияның бойында өсірілетін күріштің құрамында ауыр металлдармен және радионуклидтердің түрлері байқалып отыр, олардың мәлшері қазіргі таңда қандай жағдайда, шекті мәлшерден асып кетті ме, бұл мәселе теренін зерттеуді қажет етеді.

Соңғы жылдары бәсекелестік және тұтынушылар талаптарының өсуіне байланысты тамақ өнімдерінің қауіпсіздік мәселесіне назар аударыла бастады. Қалыптасқан экологиялық ахуалды зерделей келе Қызылорда облысында негізгі дақылдардың бірі болып саналатын күріш өнімдерінің қауіпсіздігін тексеру қажеттілігі туындалған. Жұмыстың мақсаты күріш дақылы қауіпсіздігінің санитарлық нормалармен гигиеналық нормативтерге сәйкестілігін анықтап, адам денсаулығына әсерін анықтау болып табылады.

### ӘДЕБИЕТ

1. Жайлыйбай К.Н., Сатыбалдиева Г. Күріш сорттарының агроэкологиялық сипаттамасы. //Жаршы, №4, 2000.
2. Бекірұлы Қ. Қазақстандық Арап өніріндегі күріш сорттары селекциясының ерекшеліктері. // Жаршы, № 1, 2002.
3. Нұрғызыарынов А., Арап өнірінде та-биғи шаруашылық кешенді экологиялық орнықты дамытудың ғылыми негізі. Автореф., дис. канд. наук. Алматы, 2008.
4. Антонович Е.А., Седокур Л.К. Качество продуктов питания в условиях химизации сельского хозяйства: Справочник.- К: Урожай, 1990.
5. Оспанов А.А., Каминская Г.А. Экологическое состояние зернового сырья Республики Казахстан: проблемы и перспективы. //Пищевая и перерабатывающая промышленность Казахстана, № 5, 2005 .
6. Бардышева Г.М. и Емельянова Н.П., Под редакцией Е.П. Козьминої. Перевод с английского языка, Рис и его качество, -М.: -1976 .

### РЕЗЮМЕ

В данной статье приведен литературный обзор об экологическом состоянии сложившемся в Кзылординской области, о выращиваемых сортах риса, приведены показатели безопасности риса.

Анализируя сложившуюся ситуацию в Кзылординской области, возникает вопрос о потребности оценить показатели безопасности продуктов из риса.

### RESUME

This article provides a literature review about cultivating varieties of rice and ecological condition developed in Kyzylorda region, there were given indicators of rice safety in it.

Analysing the current situation in Kyzylorda region, arises the question of the necessity to evaluate safety performance of products from rice.